

## 2023 жылғы 11-17 наурыз аралығындағы кезеңге АПТАЛЫҚ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ БОЛЖАМ

NASA спутниктері суреттерінің деректері бойынша 1.03-9.03.2022 ж. кезеңінде «Қазгидромет» РМК есептеген Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 72% - дан 53% - ға дейін азайды (1-қосымша).

ҚР жазық аумақтарының өзен алаптары бойынша ылғал қорының көлемі мен топырақтың қату тереңдігі 2-қосымшада келтірілген.

2023 жылғы 11-17 наурыздағы апталық синоптикалық болжамға сәйкес ҚР басым бөлігінде ауа райының тұрақсыз сипаты циклондар мен антициклондардың кезектесуіне байланысты болады, жауын-шашын (жаңбыр, қар) болжанады, елдің оңтүстік жартысында – жаңбыр жауады, тек жекелеген күндері жауын-шашынның қысқа мерзімді тоқтатылуы күтіледі.

Қатты жауын-шашын (жаңбыр, қар) 12 наурызда, 13 наурызда түнде Шығыс Қазақстан облысында, 12 наурызда Абай облысында, 15 наурызда күндіз Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында болады деп күтілуде.

Қатты жауын-шашын 11 наурызда күндіз, 12 наурызда тәулік бойына Түркістан, Жамбыл облыстарында, 12 наурызда, 13 наурызда түнде Алматы облысы мен Жетісу облысында болады деп болжануда, осыған байланысты жоғарыда аталған өңірлерде көлбеу ағынының қалыптасуы күтілуде (3-қосымша).

### Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша

1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

**Нұра өзені алабы бойынша** 21 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 686 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 28%-ға көп.

**Шерубайнұра өзені алабы бойынша** 84 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 543 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 10%-ға аз.

**Кеңгір өзені алабы бойынша** 5 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 430 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 17%-ға аз.

### 2023 жылғы 11-17 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі

- Нұра өзенімен Самарқанд су қоймасына келетін су (Балықты ГБ тұстамасы бойынша) 0,97-1,45 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Шерубайнұра өзенімен Шерубайнұра су қоймасына келетін су (Қарамұрын ГБ тұстамасы бойынша) 0,48-0,73 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Кеңгір өзенімен Кеңгір су қоймасына келетін су (Қаракеңгір және Сарыкеңгір ГБ тұстамалары бойынша) күтілмейді.

## **Есіл өзені алабы бойынша** (Ақмола және СҚО облыстары бойынша)

1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

**Бастауынан Астана су қоймасына дейін** 42 млн. м<sup>3</sup> азайды және 201 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 31%-ға аз.

**Қалқұтан өзені алабы бойынша** (Есіл өзенінің саласы) 116 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 1436 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 11%-ға аз.

**Жабай өзені алабы бойынша** (Есіл өзенінің саласы) 102 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 1083 млн. м<sup>3</sup> құрады, бұл орташа көпжылдық мәннен 14%-ға көп.

**Сергеевское су қоймасына дейін** 1180 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 7710 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 69%-ға көп.

**Сілеті өзені алабы бойынша** 124 млн. м<sup>3</sup> азайды және 273 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 53 %-ға аз.

**Шағалалы өзені алабы бойынша** 18 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 84 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 33%-ға көп.

### **2023 жылғы 11-17 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі**

- Есіл және Мойылды өзендері бойынша Астана су қоймасына келетін су (Түрген және Николаевка ГБ тұстамалары бойынша) 0,46-0,68 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Есіл өзені бойынша Сергеевское су қоймасына келетін су (Тоқсан би және Иманбұрлық өзені – Соколовка ауылы ГБ тұстамалары бойынша) 2,40-3,60 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Сілеті өзені бойынша Сілеті су қоймасына келетін су (Бестоғай ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді;

- Шағалалы өзені бойынша Шағалалы су қоймасына келетін су (Павловка ГБ тұстамасы бойынша) күтілмейді.

### **Ақтөбе облысы бойынша**

1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Ілек өзені алабы** 39 млн. м<sup>3</sup> көбейді және 413 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннен 33%-ға көп.

- **Қарғала өзені алабы** 2 млн. м<sup>3</sup> азайды және 262 млн.м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

### **2023 жылғы 11-17 наурыз аралығындағы кезеңге арналған ағынның болжамды көлемі**

- Ілек өзені бойынша Ақтөбе су қоймасына келетін су (Бестамақ ГБ тұстамасы бойынша) 0,20-0,29 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Қарғала өзені бойынша Қарғала су қоймасына келетін су (Троицк және Қосістек ГБ тұстамалары бойынша) 0,09-0,13 млн. м<sup>3</sup> көлемінде.

## **Батыс Қазақстан облысы бойынша**

1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін жинақталған ылғал қорының көлемі:

- **Шыңғырлау өзені алабы бойынша** 117 млн. м<sup>3</sup> азайды және 228 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 39% - ға аз.

- **Шежің-2 өзені алабы бойынша** қар еріді.

- **Деркүл өзені алабы бойынша** 44 млн. м<sup>3</sup> азайды және 40 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 76%-ға аз.

- **Шаған өзені алабы бойынша** 92 млн. м<sup>3</sup> азайды және 69 млн. м<sup>3</sup> құрайды, бұл орташа көпжылдық мәндерден 81%-ға аз.

## **Қостанай облысы бойынша**

1.03. - 9.03.2023 ж. кезең үшін жиналған ылғал қорының көлемі:

- **Тобыл өзенінің алабы бойынша (Жоғарғы Тобыл су қоймасынан жоғары)** 157 млн. м<sup>3</sup>-қа ұлғайып, 878 млн. м<sup>3</sup>-ты құрайды, бұл орташа көпжылдық мәннің шегінде.

- **Тобыл және Әйет ө. алабы бойынша (Қаратомар су қоймасына келетін су)** 108 млн. м<sup>3</sup>-қа артты және 695 млн. м<sup>3</sup>-ты құрады, бұл орташа көпжылдық мәндерден 31%-ға артық.

### **2023 жылғы 11-17 наурыз аралығындағы ағындының болжамды көлемі:**

- Тобыл өзені бойынша Жоғарғы Тобыл су қоймасына (Гришенка ГБ тұстамасы бойынша) 0,21-0,30 млн. м<sup>3</sup> көлемінде;

- Әйет өзені бойынша Қаратомар су қоймасына (Варваринка ГБ тұстамасы бойынша) 0,07-0,11 млн.м<sup>3</sup> көлемінде.

## **Таулы өзендер**

Шығыс Қазақстан, Абай, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарының таулы өзендерінде ел аумағында қалыптасқан су тасқыны қатты жауын-шашынға байланысты.

ШҚО, Абай, Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының таулы өзендерінде қар қоры айына бір рет 25 қар өлшейтін маршрут бойынша анықталады. Бір қар өлшеу маршрутының ұзындығы орта есеппен 100 км-ді құрайды, тиісінше тау өзендері бойынша қар қоры бойынша келесі деректер 2023 жылғы сәуірдің алғашқы күндерінде ұсынылатын болады.

ҚР таулы аумақтары бойынша топырақтың қату тереңдігі бойынша деректер 4-қосымшада келтірілген.

## **Шығыс Қазақстан және Абай облысы бойынша**

Шығыс Қазақстан облысы аумағының қармен жабу алаңы 1.03. – 9.03.2023 ж. кезең үшін 95%-дан 92%-ға дейін азайды.

Абай облысы аумағының қармен жабу алаңы 1.03. – 9.03.2023 ж. кезең үшін 99%-дан 90%-ға дейін азайды.

Шүлбі су қоймасынан төмен Семей қаласындағы Ертіс өзенінде мұздың қатуы байқалады, мұздың орташа қалыңдығы 65 см. Семиярка ауылында мұздың орташа қалыңдығы 88 см-ді құрайды.

Павлодар облысының аумағында РФ шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде мұздың орташа қалыңдығы 62-77 см-ді құрайды.

### **Түркістан және Қызылорда облыстары бойынша**

Түркістан облысының аумағын қармен жабу алаңы 1.03. – 09.03.2022 ж. кезеңде 23%-дан 4%-ға дейін төмендеді.

Қызылорда облысының аумағында қар жауды.

Шардара су қоймасынан төмен Түркістан облысы аумағындағы Сырдария өзенінде Жосалы (Қызылорда облысы) ағысына дейін мұз толығымен ереді. Қараөзек қаласынан төмен Қаратерең ауылына дейін мұз жүру, мұз жылжу және жағалық мұз байқалады.

### **Жамбыл облысы бойынша**

Облыс аумағының қармен жабу алаңы 1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін 30%-дан 2%-ға дейін азайды.

Облыс өзендерінде мұз құбылыстары байқалмайды.

### **Алматы мен Жетісу облыстары бойынша**

Алматы облысы аумағының қармен жабу алаңы 1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін 57%-дан 18%-ға дейін азайды.

Жетісу облысы аумағының қармен жабу алаңы 1.03. – 9.03.2022 ж. кезең үшін 85%-дан 29%-ға дейін азайды.

Қапшағай су қоймасынан төмен Іле өзенінде Үшжарма ауылында шөкпе мұз, Жиделі ауылында мұз үстіндегі су және мұз қарайды.

Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті стихиялық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

### **Траншекаралық өзендер бойынша**

Ескерту:

- Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендері ағысы көлемінің 80-90 %-ы шекаралас мемлекеттер аумағында қалыптасады;

- ағын үлесі, ҚР су алу шекті өлшемі мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы уағдаластықпен айқындалады;

- жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет»

гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандақтан бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

Қырғызгидромет жасаған гидрологиялық болжамдар қоса беріледі (5-қосымша).

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Бас директордың орынбасары**

**С. Саиров**

**Гидрология  
департаментінің директоры**

**А. Ахметов**

**Орындаушы**

**С. Ибраев**